

**Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, сондай-ақ оларға құқықты куәландыратын құжаттар нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 613 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 15 қазанда № 8020 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 409 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

"Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 45-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, сондай-ақ оларға арналған құқықтарды куәландыратын құжаттар нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, сондай-ақ оларға құқықты куәландыратын құжаттар нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 9 желтоқсандағы № 559 бұйрығының күші жойылсын (Мемлекеттік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 6746 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 141-144 (26546) жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің  
2012 жылғы 18 қыркүйектегі  
№ 613 бұйрығымен бекітілді

**Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, сондай-ақ оларға арналған құқықтарды куәландыратын құжаттар нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, сондай-ақ оларға арналған құқықтарды куәландыратын құжаттар нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының талаптарына және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын тиісті халықаралық шарттарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Қағидаларда қамтылғаннан өзге қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

2. Қағидалар азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, мемлекеттік тіркеу тәртібін, азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, (бұдан әрі – Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) беру және Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу және оған өзгерістер енгізу (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) және Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тізілімнен шығуы туралы куәлік беру (бұдан әрі – Шығуы туралы куәлік), сондай-ақ де Уәкілетті тараптың әуе кемелерін тіркеуден алып тастауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Осы қағидалар Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің есебіне жататын планерлер, дельтапландар, парапландар, мотопарапландар, метеорологиялық шар-зондтар,

ұшқышсыз ұшу аппараттары мен ұшқышсыз басқарылмайтын аэростаттарды қоспағанда, жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемелеріне қатысты қолданылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 17.07.2013 № 546 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Ұшуды орындауға арналған азаматтық әуе кемелері, сондай-ақ мәмілелер мен өзге заңды фактілердің нәтижесінде азаматтық әуе кемелеріне арналған құқықтардың (ауыртпалықтарды қоса алғанда) өзгеруі және тоқтатылуы Мемлекеттік тізілімдегі Мемлекеттік тіркеуге жатады.

4. Мемлекеттік тізілімге мыналар енгізіледі:

1) Қазақстан Республикасының жеке және (немесе) заңды тұлғаларының меншігіндегі әуе кемелері;

2) Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғаларының уақытша иелігіндегі және пайдалануындағы ұшу салмағы қырық бес жарым тоннадан аспайтын әуе кемелері.

5. Мемлекеттік тізілімге енгізілген азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде де, сол сияқты одан тысқары жерде де ұшуға жіберіледі.

6. Осы қағидаларда келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі – Азаматтық авиация комитеті);

2) өтініш беруші – Азаматтық авиация комитетіне азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің иесі немесе пайдаланушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлғалары;

3) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен немесе осы салада қызмет көрсетумен айналысатын жеке немесе заңды тұлғалар;

4) меншік иесі (иесі) – меншік құқығында немесе өзге де заң негіздемелерінде әуе кемелерінің иесі болып табылатын Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары;

5) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) – Азаматтық авиация комитеті берген азаматтық әуе кемесінің Мемлекеттік тізілімге енгізілгенін растайтын құжат;

6) Мемлекеттік тізілім – Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерге мемлекеттік тіркеу жүргізілетін құжат;

7) Кейптаун конвенциясы – Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенция (Кейптаун, 2001 жылғы 16 қараша);

8) Авиациялық хаттама – Кейптаун конвенциясына Авиациялық жабдық жөніндегі хаттама;

9) Қайтарып алынбайтын өкілеттік - Жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияға авиациялық жабдық жөніндегі хаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін Мемлекеттік тізілімнен шығаруға (тіркеуден алып тастауға) және әуе кемесін әкетуге талап қою құқығы оның пайдасына берілген, заңды және жеке тұлғалардың өкілеттігі;

10) Уәкілетті тарап – оның пайдасына Қайтарып алынбайтын өкілеттік берілген адам;

11) борышкер – Қайтарып алынбайтын өкілеттікті берген әуе кемесінің пайдаланушысы немесе меншік иесі;

12) әуе кемесін тіркеуден шығару – Уәкілетті тараптың өтініші бойынша әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару;

13) Халықаралық тіркелім – Кейптаун конвенциясына және Авиациялық хаттамаға сәйкес, кредиторлардың әуе кемелеріне құқықтарын тіркеу үшін құрылған халықаралық тіркеу қызметі;

14) тіркелген халықаралық кепілдік – Халықаралық тіркелімге ол туралы жазба енгізілген әуе кемесіне қатысты кредитордың тиісті құқығы.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 17.07.2013 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

## **2. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу және азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру тәртібі**

7. Әуе кемелерін тіркеудің келесі тәртібі белгіленеді:

1) өтініш берушіден азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдау;

2) ұсынылған құжаттардың толықтығын бағалау;

3) азаматтық әуе кемесі туралы мәліметтерді Мемлекеттік тізілімге енгізу және айырым белгілерді тағайындау;

4) Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, не дәлелді жазбаша бас тартуды ресімдеу және өтініш берушіге беру.

8. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу кезінде өтініш беруші Азаматтық авиация комитетіне келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) сату-сатып алу шартының көшірмесі, сот шешімі немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжат;
- 4) жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының көшірмесі, әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжат;
- 5) азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесі;
- 6) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемелерінің техникалық жай-күйін тексеру актісі;
- 7) Уәкілетті органмен осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалынған азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінің көшірмесі;
- 8) азаматтық әуе кемесінің мемлекеттік авиация тізілімінен немесе шет мемлекеттің азаматтың әуе кемелерінің тізілімінен шыққанын растайтын құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);
- 9) ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатының көшірмесі (әуе кемесімен ұшып келген жағдайда);
- 10) әуе кемесін қайта жабдықтау туралы құжат (әуе кемесінің тағайындалуы өзгерген жағдайда);
- 11) өндіруші-зауытпен берілген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы уақытша куәлігі (әуе кемесі өндіруші-зауыттан сатып алған жағдайда);
- 12) әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын Азаматтық авиация комитеті немесе шетел мемлекеті, халықаралық азаматтың авиация ұйымы берген және Азаматтық авиация комитеті құптаған оның ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін куәландыратын типтік сертификаты немесе оның балама құжатының көшірмесі;
- 13) пайдаланушы сертификатының, авиациялық жұмыстарды орындауға құқық беретін куәліктің немесе ұшуға құқық беретін куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 14) өтініш иесі - жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Анықтаманың көшірмесі.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 17.07.2013 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

9. Ұсынылған құжаттар негізінде Азаматтық авиация комитеті азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тізілімге енгізеді және тағайындауына байланысты әуе кемесіне келесі атаулардың бірі беріледі:

- 1) жолаушылар;
- 2) көліктік;
- 3) айырбасталымды;
- 4) жүк-жолаушылар;
- 5) арнайы қолдану;
- 6) санитарлық;
- 7) жаттығу.

9-1. Ұсынылған өтініш және құжаттар негізінде Азаматтық авиация комитеті Пайдаланушы бағанасында пайдаланушының (жеке немесе заңды тұлға) атауын енгізеді. Жалпы мақсаттағы авиация (ЖМА) мақсатында пайдаланушының өтінішінде көрсетілген жағдайда, Пайдаланушы бағанасында пайдаланушы атауының алдында ЖМА аббревиатурасы енгізіледі.

**Ескерту. Қағида 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

10. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тізілімге мемлекеттік тіркеу үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексімен анықталатын мөлшерде және тәртіппен алым төленеді. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу аталған алым мемлекет бюджетіне төленгеннен кейін жүргізіледі.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 17.07.2013 № 546 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

11. Өтініш иесі дұрыс емес мәліметтерді немесе құжаттардың толық емес топтамасын берген жағдайда, Азаматтық авиация комитеті Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті өтініш берілген күннен бастап 10 жұмыс күннің ішінде бас тарту себебін көрсете отырып жазбаша түрде беруден бас тартады немесе бұрын берілгенінің күшін жояды.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 17.07.2013 № 546 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

12. Өтініш иесі дұрыс емес мәліметтерді немесе құжаттардың толық емес топтамасын берген жағдайда, Азаматтық авиация комитеті Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті өтініш берілген күннен бастап 15 күнтізбелік күннің ішінде бас тарту себебін көрсете отырып жазбаша түрде беруден бас тартады немесе бұрын берілгенінің күшін жояды.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 17.07.2013 № 546 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

13. Анықталған жеткіліксіздіктер түзетілгеннен кейін өтініш беруші Азаматтық авиация комитетіне азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу үшін қайта ұсынады. Мемлекеттік тіркеуге қайтадан алым алынбайды.

14. Ұсынылған құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда азаматтық әуе кемелері туралы мәліметтер мемлекеттік тізілімге енгізіледі және осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес өтініш берушіге белгіленген нысандағы мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беріледі.

15. Халықаралық ұшуды орындау кезінде өтініш берушіге осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ағылшын тіліндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беріледі.

16. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік кеме құжаты болып табылады және ұшу барысында азаматтық әуе кемесі бортында болуы тиіс.

17. Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы абайсызда бүлінген жағдайда, жоғалған немесе ұрланған жағдайда оны беруді Азаматтық авиация комитеті жүргізеді.

18. Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын алу үшін өтініш беруші келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру үшін алым төленгендігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің жоғалу немесе ұрлану фактісін растайтын құжат;
- 4) жарамсыз болған мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бүлінген жағдайда);
- 5) өтініш иесі - жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Анықтаманың көшірмесі.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

19. Тіркеу туралы куәлік жоғалғанда немесе ұрланғанда азаматтық әуе кемесін пайдалану телнұсқасын алғанға дейін дереу тоқтатылады.

20. Азаматтық авиация комитеті өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде оң жақ бұрышында "Телнұсқа" белгісінің мөрі қойылған бланкте тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын береді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 17.07.2013 № 546 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексімен анықталған тәртіппен және мөлшерде алым төлейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 17.07.2013 № 546 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **3. Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу және оған өзгерістер енгізу**

22. Мемлекеттік тізілімді осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Азаматтық авиация комитеті жүргізеді.

23. Мемлекеттік тізілімге алғаш рет енгізіліп отырған әуе кемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 шілдедегі № 859 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі және пайдалану-техникалық құжаттамаларының талаптарын тексеруге жатады.

24. Азаматтық әуе кемесін Мемлекеттік тізілімге мемлекеттік тіркеу кезінде оған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық әуе кемесіне тағылатын айырым белгілері тағайындалады.

25. Азаматтық авиация комитеті әрбір әуе кемесіне әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге негіз болған құжаттардан, сол сияқты берілген Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік көшірмесінен тұратын іс қалыптастырады және бұл Мемлекеттік тізілімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

26. Азаматтық әуе кемесінің ісі оны пайдаланудың бүкіл мерзімінде сақталады және оны мемлекеттік тізілімнен шығарғаннан кейін үш жылдан соң белгіленген тәртіпте мұрағатқа өткізіледі.

27. Мемлекеттік тізілімге енгізілген азаматтық әуе кемелерінің иесі немесе пайдаланушысы азаматтық әуе кемесіне меншік құқығының және басқа құқықтарының барлық өзгерістері туралы, сондай-ақ осы құқықтарға ауыртпалықтар, Қайтарып алынбайтын өкілеттіктер, жалдау шарттарының өзгеруі, төтенше жағдайлар, азаматтық әуе кемесі жоғалғаны, сынғаны туралы осы өзгерістер анықталған кезден бастап бір айдың ішінде Азаматтық авиация комитетіне хабарлауы тиіс.



28. Екінші шолу радиолокаторының "S" режимімен жұмыс істейтін жабдықпен жарақталған және тану құрылғысы бар азаматтық әуе кемесіне мемлекеттік тіркеу кезінде әуе кемесінің 24-биттік адресі беріледі.

29. Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне өзгеріс енгізу және азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру келесі жағдайларда Азаматтық авиация комитеті жүзеге асырады:

1) азаматтық әуе кемесінің меншік иесі өзгерген жағдайда;

2) азаматтық әуе кемесінің қайта жабдықталуына байланысты оның қызметі өзгерген жағдайда;

3) азаматтық әуе кемесі пайдаланушысы өзгерген жағдайда.

30. Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі өзгеруіне байланысты өтініш беруші Азаматтық авиация комитетіне келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) сату-сатып алу шартының көшірмесі, сот шешімі, меншік құқығын растайтын өзге де құжат;

4) жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының көшірмесі, әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжат;

5) азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесі;

6) пайдаланушы сертификатының, авиациялық жұмыстарды орындауға құқық беретін куәліктің немесе ұшуға құқық беретін куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);

7) меншік иесі және/немесе пайдаланушы жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Анықтаманың көшірмесі;

8) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

Жоғарыда көрсетілген барлық құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің қолымен және мөрімен (болған жағдайда) куәландырылады.

**Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

31. Азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтағаннан кейін қызметі өзгеруіне байланысты өтініш беруші Азаматтық авиация комитетіне келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) азаматтық әуе кемесін қайта жабдықталғандығы туралы құжат;

4) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемелерінің техникалық жай-күйін тексеру актісі;

5) меншік иесі және/немесе пайдаланушы жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Анықтаманың көшірмесі;

6) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

Жоғарыда көрсетілген барлық құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің қолымен және мөрімен (болған жағдайда) куәландырылады.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

32. Азаматтық әуе кемесі пайдаланушысының өзгеруіне байланысты өтініш беруші Азаматтық авиация комитетіне келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының көшірмесі, әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжат;

3) азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесі;

4) пайдаланушы сертификатының, авиациялық жұмыстарды орындауға құқық беретін куәліктің немесе ұшуға құқық беретін куәліктің көшірмесі;

5) меншік иесі және/немесе пайдаланушы жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Анықтаманың көшірмесі;

6) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.

Жоғарыда көрсетілген барлық құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің қолымен және мөрімен (болған жағдайда) куәландырылады.

**Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

33. Ұсынылған құжаттарды қарау оң нәтижелері кезінде, өтініш берушінің барлық қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде Азаматтық авиация комитеті мемлекеттік тізілімге өзгеріс енгізеді және өтініш берушіге азаматтық әуе кемесінің қайта тіркелген күні туралы толтырылған белгілер белгіленген осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысандағы жаңа мемлекеттік тіркеу туралы куәлік береді.

34. Азаматтық әуе кемесін қайта тіркеуден бас тарту осы Қағиданың 12-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Азаматтық әуе кемелері келесі жағдайларда мемлекеттік тізілімнен шығарылады:

1) әуе кемесін пайдаланудан алып тастау немесе шығару;

2) әуе кемесін шет мемлекетке, шетелдік жеке немесе заңды тұлғаға сату немесе беру;

3) азаматтық әуе кемесін Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелері тізіліміне немесе шет мемлекеттің тізіліміне тіркеу;

4) соңғы үш жыл бойы әрекеттегі ұшу жарамдылығы сертификатының болмауы;

5) Қайтарып алынбайтын өкілеттікті орындау;

6) әуе кемесінің меншік иесінің немесе оның өкілінің өтініші бойынша.

**Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 17.07.2013 № 546 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

36. Азаматтық әуе кемелерін Мемлекеттік тізілімнен шығарған кезде (әуе кемесін тіркеуден шығару жағдайларын қоспағанда) өтініш беруші Азаматтық авиация комитетіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

3) азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификаты (болған жағдайда );

4) орындағы шу бойынша сертификат (болған жағдайда);

5) радиостанция сертификаты (болған жағдайда);

6) әуе кемесінің меншік құқығы шет мемлекетке (жеке, заңды тұлғаға) өткендігін растайтын құжат немесе әуе кемесін мемлекеттік тізілімнен шығаруға мүмкін жағдайлар қарастырған өзге де құжат немесе олардың көшірмелері;

7) меншік иесі және/немесе пайдаланушы жеке тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі немесе Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

8) әуе кемесі кепілде тұрған жағдайда кепіл ұстаушының оның тізілімнен шығарылуына жазбаша келісімі;

9) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6868 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 123 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес есептен шығарып тастау актісі (әуе кемесі есептен шығарылған кезде);

10) әуе кемесін жою туралы құжаттар немесе олардың көшірмелері (әуе кемесі есептен шығарылған кезде);

11) әуе кемесінен айырым белгілерді алып тастау туралы актілер және оны растайтын фотосуреттер (әуе кемесін есептен шығару жағдайларын қоспаған кезде).

Жоғарыда көрсетілген барлық құжаттардың көшірмелері өтініш берушінің қолымен және мөрімен (болған жағдайда) куәландырылады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

36-1. Соңғы үш жыл ішінде әрекеттегі ұшу жарамдылығы сертификатының болмауы жағдайларына байланысты Мемлекеттік тізілімнен әуе кемесін шығару үшін, Азаматтық авиация комитеті осы Қағидалардың 36-тармағына сәйкес Мемлекеттік тізілімнен шығарған кезде құжаттарды ұсыну үшін әуе кемесінің меншік иесіне (әуе кемесі кепілде тұрған жағдайда - кепіл ұстаушыға) соңғы үш жыл ішінде әрекеттегі ұшу жарамдылығы сертификатының болмауына байланысты ескерту жібереді.

Бір ай мерзім ішінде хабарландыру берген уақыттан бастап, (егер әуе кемесі кепілде тұрса кепіл ұстаушының келісімін алған кезде) егер меншік иесі осы Қағидалардың 36-тармағына сәйкес әуе кемесін тізілімнен шығару туралы құжаттарын бермесе, Азаматтық авиация комитеті әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен күнтізбелік бес күнінен кейін шығарады.

**Ескерту. Қағида 36-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

37. Әуе кемесінен айырым белгілерді алып тастау туралы актілер әуе кемесінің меншік иесі немесе пайдаланушысы және әуе кемесінің тұрақтау аэролаңының немесе бөгде ұйымның өкілі кіретін комиссия мүшелерінің қол қоюы арқылы еркін нысанда жазылады.

38. Ұсынылған құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда Азаматтық авиация комитеті 10 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге (тіркеуден шығару жағдайында – Уәкілетті тарапқа) осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша Мемлекеттік тізілімнен шығуы туралы куәлікті береді.

39. Әуе кемесі Мемлекеттік тізілімнен шыққаннан кейін Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және оған қатысты Мемлекеттік тізілімде жасалынған барлық жазбалар күшін жояды.

40. Кепілде тұрған әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару үшін кепіл ұстаушының оның тізілімнен алып тасталуына жазбаша келісімі болуы міндетті.

Егер кепіл халықаралық кепілдіктермен тіркелмеген болса, бұл тармақ әуе кемесін тіркеуден шығару кезінде қолданылмайды.

41. Азаматтық авиация комитеті әуе кемесіне кепіл туралы шартты мемлекеттік тіркеуді жүргізеді. Әуе кемесіне кепіл туралы шартты мемлекеттік тіркеу үшін әуе кемесінің кепілге беруші және кепіл ұстаушы Азаматтық авиация комитетіне өтініштен өзге келесі құжаттарды ұсынады:

1) кепілді тіркегені үшін алым төленгендігін растайтын құжат көшірмесі;

2) азаматтық әуе кемесіне кепіл туралы шарттың 3 данада көшірмесі;

3) әуе кемесін кепілге беруші және кепіл ұстаушы жеке тұлғаның жеке куәлігінің немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Анықтаманың көшірмесі.

**Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 356 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

42. Кепілді мемлекеттік тіркеу үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексімен анықталған тәртіппен және мөлшерде алым төленеді.

**Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 17.07.2013 № 546 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

43. Ұсынылған құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда Азаматтық авиация комитеті кепіл туралы шартты мемлекеттік тіркеуін 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

44. Азаматтық авиация комитеті Қайтарып алынбайтын өкілеттіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады. Қайтарып алынбайтын өкілеттікті тіркеу үшін пайдаланушы немесе меншік иесі өтініштен басқа мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Қайтарып алынбайтын өкілеттікті тіркеуге алым төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) Қайтарып алынбайтын өкілеттіктің нотариалды расталған көшірмесі;

